



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 2 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені белгіледі және тұрақты қолжеткізу операцияларын қайта жандандырады

2016 жылғы 1 ақпан

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ақша-кредит саясаты жөніндегі техникалық комитеттің 2016 жылғы 30 қаңтардағы шешімімен 2016 жылғы 2 ақпаннан бастап базалық мөлшерлемені 17% деңгейінде белгіледі және +/- 2 пайыз болатын пайыздық мөлшерлемелердің симметриялық дәлізімен тұрақты қолжеткізу операцияларын қайта жандандырады.

Өтімділікті беру жөніндегі тұрақты қолжеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 19%-ды және өтімділікті алу жөніндегі тұрақты қолжеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 15%-ды құрайды.

Базалық мөлшерлемені белгілеу жөніндегі шешім макроэкономикалық көрсеткіштерді (ІЖӨ, инфляция) де, микроэкономикалық көрсеткіштерді (банктердің өтімділігін болжау) де болжау жүйесін жақсарту жөніндегі алдын ала жүргізілген талдау жұмысына негізделді және оны белгілеу теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамының толыққанды режимі қалыптастырылғаннан кейін мүмкін болды.

Соңғы айларда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйелі түрде ақша нарығындағы ахуалды тұрақтандыру шараларын қабылдауда. Бұл шешім Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатын жетілдіру жөніндегі жұмысының жалғасы болып табылады және ол бірінші кезектегі міндеттерді орындауға, атап айтқанда қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, ұлттық валютаға деген сенімді қалпына келтіруге және теңгенің қисық кірістілігін қалыптастыру үшін алғышарттар жасауға бағытталған. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің іс-қимылы теңгеге және банк секторына деген сенімді нығайтуға, сондай-ақ салымшылардың теңгемен ашылатын депозиттерді таңдауына бағытталатын болады. Депозиттерге қатысты саясат бұрынғысынша салымшылардың құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделетін болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әлемдік бағалар мен іргелі факторлар серпіні ескеріле отырып, шетел валютасына деген сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптасатын теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамының режимін ұстануды жалғастырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатының ағымдағы құралдарының жиынтығы 1-қосымшада көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық пайыздық мөлшерлеме жөніндегі кезекті шешімі 2016 жылғы 14 наурызда жарияланатын болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты құралдарының жүйесі

мақсаты	құралдың түрі	құрал	кепілмен қамтамасыз етілуі	өткізу кезеңділігі	беру/алу мерзімі
өтімділік беру	тұрақты қол жеткізу операциялары	ҚҚБ-дағы валюталық своп	USD	банктердің сұратуы бойынша	1 күн
		ҚҚБ-дағы кері РЕПО	МБҚ	банктердің сұратуы бойынша	1 күн
	ашық нарық операциялары	бағалы қағаздарды кері сата отырып сатып алу аукционы	ломбардтық тізім	күнделікті	7 күн
өтімділікті алу	тұрақты қол жеткізу операциялары	ҚРҰБ ноттарының аукционы	-	апта сайын	28 күн
		ҚҚБ-дағы тікелей РЕПО	МБҚ	банктердің сұратуы бойынша	1 күн
		ҚРҰБ-ның депозиттері	-	банктердің сұратуы бойынша	1, 7 күн

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 3302 497

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz